

Мақтаның мөлшерлік-сапалық есебін жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2007 жылғы 29 қазандағы N 651 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 21 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5003 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз

"Мақта саласын дамыту туралы" Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мақтаның мөлшерлік-сапалық есебін жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Егіншілік және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндеттерін атқарушы

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің м.а.
2007 жылғы 29 қазандағы
N 651 бұйрығымен

бекітілген

Мақтаның мөлшерлік-сапалық есебін жүргізу ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Мақтаның мөлшерлік-сапалық есебін жүргізудің ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Мақта саласын дамыту туралы" Қазақстан Республикасының 2007

жылғы 21 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген және шитті мақтаны мақта талшығына бастапқы қайта өңдеу жөніндегі операцияларды ресімдеу және есептеу тәртібін реттейді.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мақта иесі - меншік құқығында шитті мақта және (немесе) мақта талшығы және (немесе) мақта тұқымы бар жеке немесе заңды тұлға;

2) кондициялық салмақ - осы Ережемен айқындалған ластану мен ылғалдылықтың бірыңғай нормаларына келтірілген мақтаның салмағы;

3) мақтаның мөлшерлік-сапалық есебі - шитті мақтаны мақта талшығына бастапқы қайта өңдеу кезіндегі мақтамен жасалатын барлық операциялардың е с е п ж ә н е т і р к е у ж ү й е с і ;

4) мақта партиясы - мақтаның сапасы туралы мәліметтері бар құжаттармен ресімделген, селекциялық және өнеркәсіптік сорты бір, сапасы бойынша бірдей м а қ т а н ы ң о қ ш а у к ө л е м і ;

5) нақты салмағы - таразыда өлшеу жолымен айқындалған мақта салмағы;

6) шитті мақтаның есептік салмағы - осы Ережемен айқындалған ластану нормасына келтірілген шитті мақтаның салмағы.

3. Мақтамен жүргізілетін барлық операциялар, мөлшерлік-сапалық есебі және сәйкес құжаттарды ресімдеу 1 килограмға дейінгі дәлдікпен нақты, есептік және кондициялық салмақта жүргізіледі. Мақта қолхаттарын ресімдеу кезінде нақты салмағы мен кондициялық салмақ ескеріледі.

2. Мақта қабылдау пунктінде шитті мақтаны қабылдауды ресімдеу

4. Мақта қабылдау пунктіне түсетін шитті мақтаны белгіленген тәртіппен тексеруден өткен таразыларда өлшенгеннен кейін саны бойынша II-аймақтың тауартанушысы қабылдайды. Өлшеу нәтижелері осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес мақта қабылдау пунктінде шитті мақтаны қабылдау журналына енгізіледі.

5. Шитті мақтаны қабылдау тауарлық-көліктік жүкқұжаттар негізінде партиялармен жүргізіледі. Күні бойы әрбір тауарлық-көліктік жүкқұжат бойынша қабылданған шитті мақтаның нақты салмағын жазу өнеркәсіптік сорттар бойынша бөлек жүргізіледі.

6. Шитті мақтаның сынамаларын іріктеу шитті мақтаны өлшегеннен кейін жүргізіледі. Сынамаларды іріктеуді шитті мақтаны түсіру орындарында жүргізуге жол беріледі.

7. Қабылданған шитті мақтаның сапа көрсеткіштерін айқындауды мақта қабылдау пунктінің зертханасы жүргізеді.

8. Шитті мақтаның сынамасын талдау нәтижелерін мақта қабылдау пунктiнiң зертханасының зертханашысы осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес шитті мақтаны талдау карточкасына және осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес шитті мақтаның ылғалдылығы мен ластануын талдау нәтижелерін тіркеу журналына енгізеді.

9. Тауарлық-көліктік жүкқұжаттар мен шитті мақтаны талдау карточкалары негізінде мақта қабылдау пунктiнiң бухгалтері бір күнде қабылданған селекциялық сорты бір, жинау түрі мен мақсаты (тұқымдық, техникалық) бір шитті мақтаға және соңынан жиналғанға бөлек үш данада осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес шитті мақтаны қабылдау туралы квитанция ресімдейді, оның біреуін мақта иесіне береді.

Шитті мақтаны қабылдау туралы квитанцияда әрбір өнеркәсіптік сорт бойынша бөлек зертханалық талдаулар негізінде ластану мен ылғалдылықтың нақты пайызы жазылады.

10. Бір күндік жиынтық мәліметтер қабылданған шитті мақтаның әрбір партиясы бойынша шитті мақтаны қабылдау туралы квитанциялардан күн сайын осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес шитті мақтаның мөлшерлік-сапалық есебі кітабына шитті мақтаның кірісіне жазылып отырады. Шитті мақтаның мөлшерлік-сапалық есебі кітабында шитті мақтаның есебі нақты салмағы, есептік салмағы және кондициялық салмақ бойынша жүргізіледі.

11. Ластану мен ылғалдылықтың орташа өлшенген көрсеткіштерін есептеу үшін күн соңында шитті мақтаны қабылдау туралы квитанцияның екі данасы тауарлық-көліктік жүкқұжаттармен бірге мақта қабылдау пунктiнiң бухгалтериясына беріледі.

12. Бір күндік қабылдау ішіндегі немесе жалпы партиялар бойынша шитті мақтаның ластануы мен ылғалдылығының орташа өлшенген көрсеткіштерін есептеу мынадай формулалар бойынша жүргізіледі:

$$W_{\phi} = M_p \frac{100 - M_p}{100 + W_n} - 100, \quad \frac{100 - 3_n}{M_{\phi}}$$

мұндағы: 3_{ϕ} - орташа өлшенген ластану, %;

3_n - 2,0 %-ға тең ластану нормасы;

W_{ϕ} - орташа өлшенген ылғалдылық, %;

W_n - 9,0 %-ға тең ылғалдылық нормасы;

M_{ϕ} - шитті мақтаның нақты салмағы, кг;

M_p - шитті мақтаның есептік салмағы, кг;
 M_k - шитті мақтаның кондициялық салмағы, кг.

13. Мұнымен қатар мақта қабылдау пунктінің бухгалтериясына қабылданған партиялар қиығында шитті мақтаны талдау карточкалары беріледі.

3. Шитті мақтаның кондициялық салмағын айқындау

14. Шитті мақтаның кондициялық салмағын есептеу қабылданған күні айқындалған ластану мен ылғалдылық көрсеткіштері бойынша жүргізіледі және а қ ы р ғ ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Жинақталған партиялардан іріктелген шитті мақтаның сынамалары бойынша қабылдаудан кейін жүргізілген сорт, ылғалдылық және ластану бойынша талдаулар нәтижелері қабылдау кезінде анықталған шитті мақтаның сапа көрсеткіштері мен қабылдау күніне белгіленген шитті мақтаның кондициялық салмағын өзгертуге негіз бола алмайды.

15. Шитті мақтаның кондициялық салмағын килограммен есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$M_k = M_p \frac{100 + W_\phi}{100 - 3_n + W_n};$$

$$M_p = M_\phi \frac{100 - 3_n}{100 - 3_\phi},$$

мұндағы M_ϕ - шитті мақтаның нақты салмағы, кг;

M_p - шитті мақтаның есептік салмағы, кг;

W_n - 9,0 %-ға тең ылғалдылық нормасы;

W_ϕ - шитті мақтаның нақты ылғалдылығы, %;

3_n - 2,0 %-ға тең ластану нормасы;

3_ϕ - шитті мақтаның нақты ластануы, %.

4. Шитті мақтаны мақта қабылдау пунктінен тиеп жөнелтуді ресімдеу

16. Шитті мақтаны мақта қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына тиеп жөнелту селекциялық және өнеркәсіптік сорттар, жинау түрлері бойынша біртекті партиялармен жүзеге асырылады және тауарлық-көліктік

жүкқұжаттармен (үш данада) ресімделеді. Мақта қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына тиеп жөнелтілетін шитті мақта міндетті түрде өлшеуге жатады.

17. Мақта қабылдау пунктінің зертханасы тиеп жөнелтілетін шитті мақтаға барлық жағдайларда ластануы мен ылғалдылығына талдау жүргізеді.

Жауын-шашын немесе ауа температурасы жоғары болған жағдайда сынамаларды іріктеу партияны жөнелтуден бір сағат бұрын жүргізіледі.

18. Шитті мақтаны мақта қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына тиеп жөнелту кезінде тауарлық-көліктік жүкқұжат бланкіде шитті мақтаның салмағы (брутто, ыдыс, нетто), сорты және лауазымды тұлғалардың қолдары көрсетілуі тиіс. Шитті мақтаның тиеп жөнелтілетін партиясының ластану мен ылғалдылық көрсеткіштері тиеп жөнелтілетін күнгі соңғы тауарлық-көліктік жүкқұжатқа жазылады.

19. Шитті мақтаны мақта қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына тиеп жөнелту кезінде мақта қабылдау пунктінің зертханашысы біріктірілген сынама құрайды. Барлық біркүндік партияның мәліметтері күн сайын шитті мақтамен соңғы машинаны жөнелту кезінде соңғы жүкқұжатқа жазылады.

20. Тауарлық-көліктік жүкқұжаттарда сорт көрсеткішін мақта қабылдау пункті шитті мақтаның мөлшерлік-сапалық есебі кітабының мәліметтері бойынша, ал ластану мен ылғалдылық көрсеткіштерін - шитті мақтаның партиясын мақта қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына жөнелтуге дейінгі талдаулар мәліметтері бойынша көрсетеді.

21. Алдыңғы партияны тасу аяқталғанға дейін шитті мақтаның басталған партиясын тасуды тоқтатуға немесе басқа партияны тасуды бастауға жол берілмейді.

22. Мақта тазалау зауытынан тыс жерде орналасқан мақта қабылдау пунктінен шығарылған шитті мақтаның әрбір партиясы бойынша осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес шитті мақтаны мақта қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына жіберу мен қабылдауды салыстырып тексеру акті жасалады.

23. Шитті мақтаны мақта қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына жіберу мен қабылдауды салыстырып тексеру актіні мақта қабылдау пунктінің меңгерушісі, мақта қабылдау пунктінің зертханасының меңгерушісі мен бухгалтер құрамындағы комиссия осы партияны шығарғаннан кейін бес күннен кешіктірмей жасайды.

24. Шитті мақтаны мақта қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына жіберу мен қабылдауды салыстырып тексеру акті шитті мақтаның мөлшерлік-сапалық есебі кітабының мәліметтері негізінде үш данада жасалады, оның екеуі қарастыру және сол бойынша шешім шығару үшін тасу аяқталған күннен бастап бескүндік мерзімнен кешіктірмей мақта тазалау зауытына жіберіледі.

25. Мақта қабылдау пунктінде сақтау кезінде шитті мақтаны бір партиядан екінші партияға ауыстырған жағдайда, бұл ауыстыру құжат бойынша расталуы және шитті мақтаның мөлшерлік-сапалық есебі кітабына енгізілуі тиіс (бір партиядан кіріске алынды, екінші партиядан шығысқа шығарылды). Шитті мақтаны мақта қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына жіберу мен қабылдауды салыстырып тексеру актіінде шитті мақтаның салмағы осы ауыстыруды ескере отырып көрсетілуі тиіс.

26. Шитті мақтаны бір материалды жауапты тұлғадан екіншісіне өлшеусіз және актімен ресімдеусіз беруге жол берілмейді.

5. Шитті мақтаны мақта тазалау зауытында қабылдауды ресімдеу

27. Мақта қабылдау пункттерінен мақта тазалау зауытына түсетін барлық шитті мақта қабылдау кезінде қайта өлшеуге жатады.

28. Егер мақта тазалау зауытында мақта қабылдау пункттерінен шитті мақтаны қабылдау кезінде мақта талшығының төменгі сорттарға ауысуы орын алса, мақта тазалау зауытының басшысы әрбір жағдай бойынша себептерін анықтайды (партияны жинақтау кезінде сапаны дұрыс бақыламау, шитті мақтаны бүлдіру).

29. Мақта қабылдау пункттерінен шитті мақта түсу процесінде мақта тазалау зауытында сорты бір, бірақ мақта талшығының күтулі сорты бойынша бағалауы әртүрлі шитті мақтаны бір партияға жинақтауға жол берілмейді.

30. Мақта тазалау зауытында мақта қабылдау пункттерінен шитті мақтаны қабылдау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

шитті мақтаның сорты мақта қабылдау пункттерінің мәліметтері бойынша ескеріледі;

шитті мақтаның нақты салмағы өлшеу арқылы белгіленеді;
шитті мақтаның есептік салмағы мен кондициялық салмағы мақта тазалау зауытының зертханасы айқындаған ластану мен ылғалдылық көрсеткіштері бойынша есептеледі. Ластану мен ылғалдылық көрсеткіштері бойынша мақта қабылдау пункті мен мақта тазалау зауыты арасындағы қайшылықтар осы Ережемен реттелетін жол берілген белгіленген шамалардан аспаған жағдайларда, кондициялық салмақты есептеу үшін мақта қабылдау пунктінде белгіленген ластану мен ылғалдылық көрсеткіштері қолданылады.

31. Мақта тазалау зауыты мен мақта қабылдау пунктінде талдаулар белгіленген жол берілгендерден көп қайшылықта болса мақта қабылдау пунктінің өкілі шақырылып, оның қатысуымен қалған сынамаға талдау жүргізіледі. Егер қайшылықтар жол берілген аутқулардан жоғары болса, мақта

қабылдау пунктiнен бiр күнде түскен шиттi мақтаның кондициялық салмағын белгiлеу үшiн талдаулар нәтижелерi ақырғы болып табылады. Басқа жағдайда есептеулер үшiн мақта қабылдау пунктiнiң талдау көрсеткiштерi қолданылады.

32. Мақта қабылдау пунктiнен түсетiн шиттi мақтаның әрбiр партиясы бойынша тәулiктiк орташа сынама iрiктеу жүргiзiледi.

Мақта тазалау зауытының зертханасының талдау нәтижелерi осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес шиттi мақтаның ылғалдылығы мен ластануын талдау нәтижелерiн тiркеу журналына жазылады. Мақта тазалау зауытының бухгалтериясына осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес шиттi мақтаны талдау карточкасы берiледi.

33. Мақта тазалау зауытына түсетiн шиттi мақта өлшеуден кейiн II-аймақтың тауартанушысы мен мақта тазалау зауытының бухгалтериясы жүргiзетiн шиттi мақтаның мөлшерлiк-сапалық кiтабына кiрiске енгiзiледi.

Бiр күнде қабылданған және шиттi мақтаның жалпы жинақталған партиясы бойынша ластану мен ылғалдылықтың орташа өлшемдi пайыздары осы Ереженiң 12-тармағына сәйкес айқындалады.

34. Шиттi мақта мақта тазалау зауытының балансы бойынша кондициялық салмақта, ал шиттi мақтаның мөлшерлiк-сапалық кiтаптарында - нақты салмағы, есептiк салмағы және кондициялық салмақ бойынша есептеледi. Шиттi мақтаның партиялары бойынша айлық айналымдар мен өтпелi қалдықтар шиттi мақтаның мөлшерлiк-сапалық кiтаптары мен айналма ведомостердегi жазулар негiзiнде салыстыру жолымен шиттi мақтаның мөлшерлiк-сапалық кiтаптары бойынша баланстық талдау есебi мәлiметтерiмен салыстырылады. Айналма ведомостерде шиттi мақтаның кiрiсi мақта қабылдау пунктiлерiнiң қиығында жазылады.

6. Шиттi мақтаны тазалауды ресiмдеу

35. Мақта тазалау зауытына жинақталған шиттi мақтаның партиялары осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес өндiрiстiк тапсырма негiзiнде өндiрiске жiберiледi. Бұл ретте шиттi мақтаны бастапқы қайта өңдеу өнiмдерiнiң сапа көрсеткiштерi шиттi мақтаны бастапқы қайта өңдеу өнiмдерiнiң сапа көрсеткiштерiн тiркеу зертханалық журналының мәлiметтерi бойынша көрсетiледi.

36. Мақта талшығының кондициялық салмағын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$M_k = M_\phi \frac{100 + W_\phi}{100 + W_\phi + W_n}$$

мұндағы M_k - мақта талшығының кондициялық салмағы, кг;

M_ϕ - мақта талшығының нақты салмағы, кг;

W_n - 8,5 %-ға тең ылғалдылық нормасы;

W_ϕ - мақта талшығының нақты ылғалдылығы, %.

37. Мақта тұқымының кондициялық салмағын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$M_k = M_\phi \frac{100 + W_\phi}{100 + W_n},$$

мұндағы M_k - мақта тұқымының кондициялық салмағы, кг;

M_ϕ - мақта тұқымының нақты салмағы, кг;

W_n - 8,5 %-ға тең ылғалдылық нормасы;

W_ϕ - мақта тұқымының нақты ылғалдылығы, %.

38. Линттің кондициялық салмағын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$M_p = M_\phi \frac{100 - 3_n}{100 + W_\phi},$$

$$M_k = M_p \frac{100 + W_\phi}{100 + W_n},$$

мұндағы M_ϕ - линттің нақты салмағы, кг;

M_p - линттің есептік салмағы, кг;

W_n - 8,0 %-ға тең ылғалдылық нормасы;

W_ϕ - линттің нақты ылғалдылығы, %.

3_n - 3,5 %-ға тең ластану нормасы;

3_ϕ - линттің нақты ластануы, %.

39. Талшықты қалдықтардың кондициялық салмағын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$M_p = M_\phi \frac{100 - 3_n}{100 - 3_\phi},$$

$$M_k = M_p \frac{100 + W_\phi}{100 + W_n},$$

мұндағы M_ϕ - талшықты қалдықтардың нақты салмағы, кг;

M_p - талшықты қалдықтардың есептік салмағы, кг;

W_n - 9,0 %-ға тең ылғалдылық нормасы;

W_ϕ - талшықты қалдықтардың нақты ылғалдылығы, %.

3_n - 10,0 %-ға тең ластану нормасы;

3_ϕ - талшықты қалдықтардың нақты ластануы, %.

40. Мақта тазалау зауытында кезек нәтижелері бойынша осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес мақта талшығын бумалап өлшеу, осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес өндірістен қабылданған мақта талшығы мен қосалқы өнімге рапорт және осы Ережеге 10-қосымшаға сәйкес өндірістен қабылданған мақта тұқымына рапорт ресімделеді, олар жоспарлау бөліміне беріледі.

41. Мақта талшығын бумалап өлшеу, өндірістен қабылданған мақта талшығы мен қосалқы өнімге рапорт және өндірістен қабылданған мақта тұқымына рапорт мәліметтерін дайын өнім тауартанушысы осы Ережеге 11-қосымшаға сәйкес өндіруден түскен қайта өңдеу өнімдерінің есеп журналына енгізеді.

42. Қайта өңделген шитті мақтаны мақта иелері бойынша бөлу осы Ережеге 12-қосымшаға сәйкес қайта өңдеу және дайын өнімнің түсуі туралы есеппен ресімделеді, ол шитті мақтаның партиясын тазалау аяқталғаннан кейін мақта иесіне беріледі.

43. Мақта талшығының, тұқымның шығымын және иістер мөлшерін тексеру үшін мақта тазалау зауытында жүйелі түрде мақта тазалау зауыты жанындағы мақта қабылдау пункті мен мақта тазалау зауыты тұрған жерден тыс жерде орналасқан мақта қабылдау пункті бойынша шитті мақтаны бақылаулық іріктеулер жүргізіледі.

7. Шитті мақтаны бастапқы қайта өңдеу өнімдерін тиіп жөнелтуді ресімдеу

44. Шитті мақтаны бастапқы қайта өңдеу өнімдерін тиіп жөнелтуді материалды жауапты тұлға осы Ережеге 13-қосымшаға сәйкес мақта тазалау

зауытының басшысы, бухгалтер, техникалық бақылау бөлімінің (бұдан әрі - ТББ) бастығы және дайын өнім тауартанушысы қол қойған бұйрық негізінде жүзеге асырады.

Тиеп жөнелтуге арналған бұйрықтар алынған тиеп жөнелтуге арналған бұйрықтар есебі журналын жүргізетін мақта тазалау зауытының есепші жұмыскеріне беріледі.

45. Мақта талшығын темір жол көлігімен тиеп жөнелткен кезде темір жол жүкқұжаттары мен мақта талшығы сапасының паспорты негізінде осы Ережеге 14-қосымшаға сәйкес мақта талшығын темір жол көлігімен тиеп жөнелту тізілімі жасалады. Тиеп жөнелтілетін мақта талшығына темір жол жүкқұжаты және мақта талшығы сапасының паспорты қоса беріледі.

46. Мақта тұқымын, линтті және талшықты қалдықтарды автомобиль көлігімен тиеп жөнелту тауарлық-көліктік жүкқұжаттармен және сапа туралы құжатпен ресімделеді, солардың негізінде осы Ережеге 15-қосымшаға сәйкес автомобиль көлігімен тиеп жөнелтілген мақта тұқымы, линт және талшықты қалдықтар жүкқұжаттарының тізілімі жасалады.

47. Тиеп жөнелтуге арналған бұйрық, тауарлық-көліктік жүкқұжаттар, тиеп жөнелту тізілімдері, мақта талшығының сапасы паспорттарының көшірмелері бухгалтерияға тапсырылады. Осы құжаттар бойынша шитті мақтаны бастапқы қайта өңдеу өнімдері шығынға шығарылады.

48. Әрбір мақта иесіне жіберуге жататын мақта көлемі мақта қолхаттарына сәйкес анықталады.

8. Шитті мақтаны қабылдау мен тиеп жөнелту нәтижелерін салыстырып тексеруді жүргізу тәртібі

49. Мақта қабылдау пункттерінен келіп түскен шитті мақтаны мақта қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына жіберу мен қабылдауды салыстырып тексеру актілерін мақта тазалау зауытының басшысы олар мақта тазалау зауытына келіп түскен күннен бастап бескүндік мерзімде қарайды. Әрбір акт бойынша басшы кемдіктерді өтеу және артылғанды кіріске алу туралы жазбаша шешім ресімдейді.

50. Шитті мақтаны мақта қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына жіберу мен қабылдауды салыстырып тексеру актінің бір данасы мақта тазалау зауытында қалады, актінің екінші данасы мақта тазалау зауыты басшысының шешімімен бірге мақта қабылдау пунктіне жіберіледі және кемдіктерді өтеу мен артылғанды кіріске алу үшін негіз болады.

51. Егер салыстырып тексеру кезінде шитті мақтаның артылғаны анықталса, бұл артылғанды мақта қабылдау пунктінің бухгалтериясы шитті мақтаның

сақталған және сақтаулы көлеміне тепе-тең көлемде мақта иелерінің есеп-шоттарына кіріске енгізуі тиіс.

52. Егер салыстырып тексеру кезінде кемдік анықталса, оны мақта қабылдау пунктiнiң материалды жауапты тұлғалары шиттi мақтаның сақталған және сақтаулы көлемiне тепе-тең көлемде мақта иелерiнiң есеп-шоттарына өтейдi.

9. Түгендеу

53. Қабылданған шиттi мақтаны қабылдаудың, сақтаудың және қайта өңдеудiң соңғы нәтижелерiн анықтау үшiн мақта қабылдау пунктiлерi мен мақта тазалау зауыты жыл сайын 1 тамызға дейiн шиттi мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнiмдерiн түгендеудi жүргiзедi.

54. Түгендеуге:

барлық мақта қабылдау пунктiлерiнiң қоймаларындағы және мақта тазалау зауытының дайын өнiм қоймаларындағы;

"тиеп жөнелтiлген тауарлар" есебiндегi шиттi мақта, мақта талшығы, мақта тұқымы, линт және талшықты қалдықтар жатады.

55. Түгендеудi жүргiзу үшiн:

мақта қабылдау пунктi бойынша - мақта қабылдау пунктiнiң меңгерушiсi, зертхана меңгерушiсi (аға зертханашы), аға бухгалтер;

мақта тазалау зауыты бойынша - басшы, бөлiм бастықтары және бас бухгалтер құрамындағы түгендеу комиссиялары құрылады.

56. Шиттi мақтаны, мақта талшығын, мақта тұқымын, линттi және талшықты қалдықтарды түгендеу сақтауға жауапты тұлғалардың мiндеттi түрде қатысуымен және мына тәрiптi сақтау арқылы әрбiр партия бойынша натурада қалдықтарды алу арқылы жүргiзiледi:

1) шиттi мақта бойынша мақта қабылдау пунктiлерiнен шығарылмай немесе мақта тазалау зауытында қайта өңделмей қалған партиялардағы шиттi мақтаның нақты көлемi 1 тамыздағы жағдай бойынша өлшеу арқылы белгiленедi;

2) мақта талшығы, линт және талшықты қалдықтар бойынша 1 тамызға партиялардағы мақта талшығы, линт және талшықты қалдықтар көлемi әрбiр партияның барлық бумаларының 10 %-дан кем емесiн iрiктеп қайта өлшей отырып, әрбiр партиядағы өндiрiстен қабылданған мақта талшығы мен қосалқы өнiм рапортында көрсетiлген бумалар санын тексеру арқылы белгiленедi. Бумалардың қате салмағы анықталған жағдайда партияның барлық бумалары қайта өлшенуi тиiс.

Босатылған мақта талшығы, линт және талшықты қалдықтар бойынша 1 тамызға нақты көлемi алдын-ала сорттаумен және шетi мен шiрiгiн iрiктеумен қайта өлшеу арқылы анықталады;

3) мақта тұқымы бойынша техникалық және егістік тұқымның нақты қалдықтары оларды 1 тамыздағы жағдайға өлшеу арқылы белгіленеді.

57. Шитті мақтаның, мақта талшығының, мақта тұқымының, линттің және талшықты қалдықтардың нақты көлемін өлшеу арқылы белгілеген кезде түгендеу комиссиялары сонымен бірге әрбір партиядағы шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің сапасын айқындайды; сорттылығының сәйкессіздігі немесе сақтау кезінде бүлдіру салдарынан сапасының нашарлауы байқалса шығын көлемі, себептері және оған жауапты тұлғалар анықталады.

58. Мақта қабылдау пункттері қабылдайтын шитті мақта, өндірістен 31 шілдеден кейін түскен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдері бұл түгендеуге енгізілмейді және бөлек жинақтау мен есептеуге жатады.

59. Түгендеу басталғанға дейін мақта қабылдау пункттерінің және мақта тазалау зауытының бухгалтериясы:

шитті мақта, тұқым, линт және талшықты қалдықтар жауапты сақтауындағы тұлғалардан 1 тамызға дейінгі барлық кіріс-шығыс құжаттарын алады;

сол құжаттарды тексеруді, өңдеуді, таратуды және талдамалық есептің бухгалтерлік карточкалары бойынша да, мөлшерлік-сапалық есеп кітаптары бойынша да 1 тамызға қалдықтар шығаруды жүргізеді;

сандық қалдықтарды талдамалық есептің бухгалтерлік карточкаларының мәліметтері бойынша және мөлшерлік-сапалық есеп кітаптары бойынша салыстырады;

барлық жауапты сақтаушылардан құндылықтардың кірісі мен шығысы жөніндегі барлық құжаттар бухгалтерияға тапсырылғаны, есепте көрсетілгені және кіріске алынбаған немесе шығысқа шығарылмаған ешқандай құндылықтардың жоқ екендігі туралы жазбаша растаулар алады.

60. Түгендеу кезінде:

мақта қабылдау пункттерінің барлық тиеп жөнелтулері бойынша мақта тазалау зауытына 1 қаңтар мен 1 тамыз аралығында түскен шитті мақтаның кіріске алынуын;

түскен, бірақ бір себептермен олардан алынуға тиісті басқа шоттарда көрсетілген сомалар "жөнелтілген тауарлар" есебі бойынша жатқызылмағанын;

шитті мақтаны бастапқы қайта өңдеу өнімдерін, атап айтқанда, май зауыттарына мақта тұқымын, тиеп жөнелту бойынша сатып алушылармен барлық шағымдық есеп айырысуларды мұқият тексеру қажет.

Түгендеу мәліметтері қолданыстағы нысандар бойынша түгендеу тізбектеріне енгізіледі: қоймалардағы қалдықтарға және жөнелтілген тауарлар есебі бойынша.

61. Түгендеу тізбектерінде қоймалардағы шитті мақтаның, оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің қалдықтары әрбір мақта қабылдау пункті және жауапты

N	Күні	Шитті мақта иесінің атауы	Шитті мақта иесінің Т.А.Ә.	Автомобиль (трактор)	Жинау түрі	Сорты
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Көмбе нөмірі	Партия нөмірі	Брутто салмағы	Ыдыстың салмағы	Нетто салмағы	Тауартанушының қолы
8	9	10	11	12	13

Мақтаның мөлшерлік-сапалық есебін жүргізу ережесіне

2-қосымша

Шитті мақтаны талдау карточкасы

200__ жылғы»" __ " _____

Мақта өңдеу ұйымы _____

Мақта қабылдау пункті _____

Шитті мақтаның иесі _____

(атауы, тұрған жері)

Селекциялық сорты _____ Жинау түрі _____

Түрі _____ Сорты _____ Көмбе _____ Партия _____

Ластануы _____ % Ылғалдылығы _____ %

Штапелдік ұзындығы _____ Жетілу коэффициенті _____

Зертхана меңгерушісі _____

Мақтаның мөлшерлік-сапалық есебін жүргізу ережесіне

3-қосымша

Шитті мақтаның ылғалдылығы мен ластануын талдау нәтижелерін тіркеу журналы

--	--	--	--	--

Шитті мақтаны тапсырдым _____

қ о л ы

Т . А . Ә .

Мақта қабылдау пунктiнiң меңгерушiсi _____

қ о л ы

Т . А . Ә .

Зертхана меңгерушiсi _____

қ о л ы

Т . А . Ә .

II-аймақтың тауартанушысы _____

қ о л ы

Т . А . Ә .

Мақта қабылдау пунктiнiң бухгалтерi _____

қолы Т.А.Ә.

Мақтаның мөлшерлiк-сапалық есебiн жүргiзу ережесiне

5-қосымша

Шиттi мақтаның мөлшерлiк-сапалық есебi кiтабы

N _____ партия, N _____ көмбе, селекциялық сорты _____,

сорты _____, орташаөлшемдi ластануы _____ %,

орташаөлшемдi ылғалдылығы _____ %

Материалды жауапты тұлға: II-аймақтың тауартанушысы _____

Кiрiс									
N	Күні	Құжат-тың N	Жинау түрі	Сорты	Нақты сал-мағы	Ласта-нуы, %	Есеп-тік сал-мағы	Ылғал-дылы-ғы, %	Конди-циялық салма-ғы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

жалғасы

Шығыс					Қалдық				
Нақты сал-мағы	Лас-та-нуы, %	Есеп-тік сал-мағы	Ыл-ғал-ды-лы-ғы, %	Конди-циялық салма-ғы	Нақты сал-мағы	Лас-та-нуы, %	Есеп-тік сал-мағы	Ылғал-дылы-ғы, %	Конди-циялық салма-ғы
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20

Бухгалтер _____

Мақтаның мөлшерлiк-сапалық есебiн жүргiзу ережесiне

6-қосымша

**Шитті мақтаны мақта қабылдау пунктiнен мақта тазалау
зауытына жiберу мен қабылдауды салыстырып тексеру актi**

Мақта қабылдау пунктiнде қабылдау								
N	Сор-ты	Жинау түрi	Партия N	Нақты сал- мағы, кг	Ласта- нуы, %	Есеп-тiк сал- мағы, кг	Ылғал-дылы- ғы, %	Конди- циялық салма-ғы, кг
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенiң жалғасы

Мақта қабылдау пунктiнен жiберу				
Нақты салмағы, кг	Ластануы, %	Есептiк салмағы, кг	Ылғал- дылығы, %	Кондициялық салмағы, кг
10	11	12	13	14

кестенiң жалғасы

Мақта тазалау зауытында қабылдау				
Нақты салмағы, кг	Ластануы, %	Есептiк салмағы, кг	Ылғалды-лығы, %	Кондициялық салмағы, кг
15	16	17	18	19

Мақта қабылдау пунктiнiң меңгерушiсi _____

Мақта қабылдау пунктiнiң зертханасының меңгерушiсi _____

Мақта қабылдау пунктiнiң бухгалтерi _____

Мақтаның мөлшерлiк-сапалық
есебiн жүргiзу ережесiне

7-қосымша

мақта тазалау зауытының атауы

N _____ өндiрiстiк тапсырма

200__ ЖЫЛҒЫ»" _____"

I-бөлiм. Шиттi мақтаны қайта өндеуге жiберу

1. II аймақтың тауартанушысы _____ сақтаулы, мақта
тазалау зауытында жинақтау кезiнде анықталған:

а) саны: нақты салмағы бойынша _____ кг,
ластанудың есептік нормасына келтірілген салмағы бойынша _____ кг,
кондициялық салмағы бойынша _____ кг;

б) сапасы: селекциялық сорты _____, өндірістік сорты _____
_____, ылғалдылығы _____ %, ластануы _____ %,
үліктенуі _____ %,

жинау түрі _____
тұқымдық, техникалық шитті мақтаның N _____ партиясы 200 _____ жылғы " _____ "»
_____ бастап дайындалсын және қайта өңдеуге жіберілсін.

Шитті мақта келесі мақта қабылдау пункттерінен:

Мақта қабылдау пунктінің атауы	Кондициялық салмағы, кг	Мақта қабылдау пунктінің атауы	Кондициялық салмағы, кг

Барлығы _____

2. Шитті мақта ағымда мыналар арқылы өткізілсін:

- а) кептіру-тазалау цехының кептіру тобы _____ кг,
- б) кептіру-тазалау цехының тазалау тобы _____ кг,
- в) мақта тазалау зауытының тазалау цехы _____ кг;
кептірумен _____ кг; кептірусіз _____ кг.

3. Шитті мақтаны кептіру-тазалау цехы арқылы өткізгенде иістер норма кезінде _____ % _____ кг құрады.

4. _____ кг шитті мақтаны қайта өңдеуден мынадай көлемде дайын өнім алынуы тиіс:

- а) шығымы _____ % болғанда _____ кг мақта талшығы;
- б) шығымы _____ % болғанда _____ кг линт;
- в) шығымы _____ % болғанда линтерлеуден кейін _____ кг мақта тұқымы;
- г) шығымы _____ % болғанда _____ кг үлік;
- д) шығымы _____ % болғанда _____ кг мамық;
- е) иістер _____

5. Көрсетілген шитті мақтадан алынатын дайын өнім мынадай сапа көрсеткіштеріне сай болуы тиіс:

- а) өндірістік сорты _____, ақаулар сомасы мен ластануы _____ % мақта талшығы;
- б) джинирлеуден кейін тұқымның қалдық талшықтығы _____ г;
- в) сорты _____ түрі _____ линт;
- г) линтерлеуден өткен тұқымның толық мамықтығы _____ %;

д) тұқымның ластануы _____ %-дан артық емес, тұқымның сорты _____

Өндірістік _____ тапсырманы _____ жасағандар:

Бас инженер _____ ТББ бастығы _____

I-аймақтың тауартанушысы _____

ӨПБ бастығы _____ Бас бухгалтер _____

Өндірістік тапсырманы бекітемін:

Басшы _____

200__ ж.»"_____"_____

Өндірістік тапсырманы орындау

II-бөлім. Шитті мақтаны пайдалану

1. Шитті мақтаның ағымда мыналар арқылы нақты өткізілгені:

а) кептіру-тазалау цехының кептіру тобы _____ кг,

б) кептіру-тазалау цехының тазалау тобы _____ кг,

в) мақта тазалау зауытының тазалау цехы _____ кг;

кептірумен _____ кг; кептірусіз _____ кг.

Кептіру-тазалау цехы арқылы өткізілген шитті мақта бойынша иістер норма кезінде _____ % _____ кг.

2. Егістік, техникалық шитті мақтаның N _____ партиясы қайта өңдеуге 200__ жылғы "_____" _____ сағат _____ минутта жіберіліп, 200__ жылғы "_____" _____ сағат _____ минутта аяқталды. Шитті мақтаның саны нақты салмағы бойынша _____ кг, есептік салмағы бойынша _____ кг, кондициялық салмағы бойынша _____ кг.

Қайта өңдеуді бастау алдында зертханалық талдау бойынша шитті мақтада мынадай сапа көрсеткіштері болды: сорты _____, ылғалдылығы _____ %, үліктенуі _____ %.

Қайта өңдеу барлығы _____ сағат _____ минут; үзіліссіз _____ сағат _____ минут; үзіліспен _____ сағат _____ минут жалғасты.

Соңынан _____

Бас инженер _____

I-аймақтың тауартанушысы _____

ТББ бастығы _____

3. Шитті мақтаның N _____ партиясын қайта өңдеуден түскен және өлшемдер бойынша қабылданған дайын өнім:

Рет N	Өнімнің атауы	Жоспарлы нормалар бойынша өнім		Нақты салмағы	

		кг	шитті мақтаның салмағына %	кг	шитті мақтаның салмағына %
1	Мақта талшығы				
2	Линт				
3	Мақта тұқымы				
4	Үлік				
5	Мақта мамығы				
6	Мақта талшығын сұрыптау				
7	Иістер				
Барлығы:					

кестенің жалғасы

Өндірістен түскені			
Кондициялық салмағы			
талдауға алынғаны		қоймаға кіріске алынғаны	
кг	шитті мақтаның салмағына%	кг	шитті мақтаның салмағына%

Бас инженер _____

I-аймақтың тауартанушысы _____

ӨПБ бастығы _____

4. Шитті мақтаның көрсетілген көлемін қайта өңдеуден сапасы мынадай өнімнің нақты алынғаны:

а) өндірістік сорты _____, ақаулар сомасы мен ластануы _____%, ылғалдылығы _____% мақта талшығы;

б) қалдық талшықтығы _____ г мақта тұқымы;

в) сорты _____ түрі _____ ластануы _____% линт;

г) сорты _____, толық мамықтығы _____%, ластануы _____%, ылғалдылығы _____% мақта тұқымы.

Ескертпе: осы партия бойынша жалпы өнімнен алынғаны:

а) ақаулар сомасы мен ластануы 22 %-дан артық мақта талшығы _____ кг;

б) ластануы 40 %-дан артық мақта тұқымы _____ кг;

в) қалдық талшықтығы нормалардан артық мақта тұқымы _____ кг.

ТББ бастығы _____

III-бөлім. Нақты иістер теңгерімі

(талшық шығымы % x
талшықтағы қоқыс %)

1. Қоқыс шығыны (%) = шитті мақтаның ластануы % x $\frac{\text{-----}}{100}$

(шиттінің ылғалдылығы % -
талшықтың ылғалдылығы %)x талшық шығымы %

2. а) Талшық бойынша ылғал шығыны (%) = $\frac{\text{-----}}{100}$

(шиттінің ылғалдылығы % -
тұқымның ылғалдылығы %)x талшық шығымы %

б) Тұқым бойынша ылғал шығыны (%) = $\frac{\text{-----}}{100}$

Барлық ылғал шығыны (а + б) _____ %.

3. Шитті мақтаны қайта өңдеу кезіндегі шығындар нақты салмақпен (1 + 2) _____ %.

4. Есеп жолымен анықталған нақты иістер мөлшері мен шығындар сомасы арасындағы айырма _____ % құрайды.

Бухгалтер-экономист _____ Бас бухгалтер _____

IV-бөлім. Шитті мақтаның партиясын сақтау, жинақтау және қайта өңдеу нәтижелері бойынша мақта тазалау зауыты басшысының шешімі

Басшы _____ 200__ жылғы»"____"» _____

Мақтаның мөлшерлік-сапалық
есебін жүргізу ережесіне

8-қосымша

мақта тазалау зауытының атауы

Шитті мақтаның сорты _____ партия N _____ көмбе N _____

N _____ бригада N _____ кезек

N _____ маркалы мақта талшығын бумалап өлшеу

N	салмағы	N	салмағы	N	салмағы

1		46		91	
2		47		92	
3		48		93	
4		49		94	
5		50		95	
6		51		96	
7		52		97	
8		53		98	
9		54		99	
10		55		100	
11		56		101	
12		57		102	
13		58		103	
14		59		104	
15		60		105	
16		61		106	
17		62		107	
18		63		108	
19		64		109	
20		65		110	
21		66		111	
22		67		112	
23		68		113	
24		69		114	
25		70		115	
26		71		116	
27		72		117	
28		73		118	
29		74		119	
30		75		120	
31		76		121	
32		77		122	

33		78		123	
34		79		124	
35		80		125	
36		81		126	
37		82		127	
38		83		128	
39		84		129	
40		85		130	
41		86		131	
42		87		132	
43		88		133	
44		89		134	
45		90		135	

кестенің жалғасы

N	салмағы	N	салмағы	N	салмағы
136		181		226	
137		182		227	
138		183		228	
139		184		229	
140		185		230	
141		186		231	
142		187		232	
143		188		234	
144		189		235	
145		190		236	
146		191		237	
147		192		238	
148		193		239	
149		194		240	
150		195			
151		196			
152		197			

153		198			
154		199			
155		200			
156		201			
157		202			
158		203			
159		204			
160		205			
161		206			
162		207			
163		208			
164		209			
165		210			
166		211			
167		212			
168		213			
169		214			
170		215			
171		216			
172		217			
173		218			
174		219			
175		220			
176		221			
177		222			
178		223			
179		224			
180		225			

Бумалар барлығы _____ Брутто салмағы ____ Ыдыстың салмағы _____ Нетто
с а л м а ғ ы _____

Тауартанушы _____ салмақ есебін тексердім _____

Бухгалтер _____

200__ жылғы»" _____ "

Мақтаның мөлшерлік-сапалық есебін жүргізу ережесіне

9-қосымша

мақта тазалау зауытының атауы _____

Өндірістен қабылданған мақта талшығы мен қосалқы өнімге

№ _____ рапорт

Сорты _____ партия № _____ шитті мақтаны тазалау бойынша

А. Мақта талшығы

Марка нөмірі	Селекциялық сорты	Сорты	Бумалар саны	Нақты салмағы		
				брутто	ыдыс	нетто
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Ақаулар сомасы мен ластануы	Үстеме	Шегерім	Қалыпты ластануға келтірілген нақты салмағы	Ылғалдылығы, %	Кондициялық салмағы
8	9	10	11	12	13

Барлығы тығыздалмағаны _____

Тығыздалып, қалғаны _____

Басқа партиялардың тығыздалған

қалдығы алынып тасталады _____

Осы партия бойынша барлығы _____

Б. Талшықты қалдықтар

Марка нөмірі	Селекциялық сорты	Сорты	Бумалар саны	Нақты салмағы		
				брутто	ыдыс	нетто
1	2	3	4	5	6	7
	1. Мақта линті					
Түрі	сорты	сыныбы				

	2. Мақта үлігі					
	I типті					
	II топ					
	3. Мамық қалдықтары					
	I типті					
	II топ					
	4. Басқа қалдықтар					

кестенің жалғасы

Ақаулар сомасы мен ластануы	Үстеме	Шегерім	Қалыпты ластануға келтірілген нақты салмағы	Ылғал- дылығы, %	Кондициялық салмағы
8	9	10	11	12	13

200__ жылғы»" __ " _____ Дайын өнімнің тауартанушысы _____

Мақтаның мөлшерлік-сапалық
есебін жүргізу ережесіне

10-қосымша

Өндіріске қабылданған мақта тұқымына N _____ рапорт

Шитті мақта партиясының нөмірі _____

Мақта тұқымы партиясының нөмірі _____

N _____ өндірістік тапсырма

--	--	--	--	--	--	--

Тұқым сорты	Егістік немесе техникалық тұқым	Ылғал- дылық, %	Мамық- тану, %	Минералдық, органикалық қоқыс маңызы, %	Ақаулы тұқым маңызы, %
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Тұқымның салмағы, кг	нақты	Кондициялық салмағы, кг	Шығымды талдауға арналған кондициялық салмақ, кг
7		8	9

Дайын өнімнің тауартанушысы _____

Мақтаның мөлшерлік-сапалық
есебін жүргізу ережесіне

11-қосымша

Өндіруден түскен қайта өңдеу өнімдерінің есеп журналы

N	Күні	Бригада	Кезек	Мақта талшығы				
				маркасы	бумалар саны	брутто салмағы	ыдыстың салмағы	нетто салмағы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

жалғасы

Линт				
маркасы	бумалар саны	брутто салмағы	ыдыстың салмағы	нетто салмағы
10	11	12	13	14

кестенің жалғасы

Үлік					Қолы
маркасы	бумалар саны	брутто салмағы	ыдыстың салмағы	нетто салмағы	
15	16	17	18	19	20

Мақтаның мөлшерлік-сапалық есебін жүргізу ережесіне

12-қосымша

Қайта өңдеу және дайын өнімнің түсуі туралы есеп

Рет N	Өндірістік тапсырманың N мен күні	Сорты	Партия N	Шитті мақтаның кондициялық салмағы, кг	Кептіру-тазалау цехының иістері, %
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Кондициялық салмақпен қайта өңдеуге жіберілгені, кг	Алынған қайта өңдеу өнімдері			
	мақта талшығы			
	нетто салмағы		кондициялық салмағы	
	%	шитті мақтаның салмағына %	%	шитті мақтаның салмағына %
7	8	9	10	11

жалғасы

Алынған қайта өңдеу өнімдері							
тұқым				линт			
нетто салмағы		кондициялық салмағы		нетто салмағы		кондициялық салмағы	
%	шитті мақтаның салмағына %	%	шитті мақтаның салмағына %	%	шитті мақтаның салмағына %	%	шитті мақтаның салмағына %
12	13	14	15	16	17	18	19

кестенің жалғасы

үлік		мамық		Негізгі өндіріс иістері

н е т т о салмағы		кондициялық салмағы		н е т т о салмағы		кондициялық салмағы	
%	шитті мақта- ның сал- мағына %	%	ш и т т і мақтаның салмағына %	%	ш и т т і мақтаның салмағына %	%	ш и т т і мақтаның салмағына %
20	21	22	23	24	25	26	27

Мақта иесі _____ Бас бухгалтер _____

Мақтаның мөлшерлік-сапалық
есебін жүргізу ережесіне

13-қосымша

мақта тазалау зауытының атауы

№ _____ б ұ й р ы қ

200__ жылғы»" _____"» _____

Б ұ й р ы қ _____ мерзімі _____

Материалды жауапты тұлға _____

Т . А . Ә .

мақта иесінің атауы

200__ жылғы " _____ " _____ № _____ сенімхат бойынша

арқылы № _____ наряд бойынша:

Т.А.Ә.

Өнім түрі	Қойма N	Нетто салмағы , кг	Мақта қолхатына сәйкес сапа көрсеткіштері			
			типі	сорты	сыныбы	штапелдік ұзындығы
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

микронейр	ылғалдылығы	ластануы	залалдануы
8	9	10	11

тиеп жөнелтілсін.

Тиеп жөнелтілетін шитті мақтаның бастапқы қайта өнімінің салмағы _____

к г

жазбаша

Басшы _____

Бухгалтер _____

ТББ бастығы _____

Дайын өнімнің тауартанушысы _____

М.О.

Мақтаның мөлшерлік-сапалық
есебін жүргізу ережесіне

14-қосымша

мақта тазалау зауытының атауы

200__ жылғы "___"

Тиеп жөнелту бұйрығының күні мен нөмірі _____

Бұйрық бойынша салмағы, кг, _____

Мақта талшығын темір жол көлігімен тиеп жөнелту тізілімі

Жіберу станциясы _____ Мақта иесі _____

Р/с N	Жүкқұжат N	Вагон N	Нетто салмағы, кг	Кондициялық салмағы, кг	Партия N	Мақта талшығы сапасының паспорт- тарының нөмірлері
1	2	3	4	5	6	7

ТББ бастығы _____

Бухгалтер _____

Дайын өнімнің тауартанушысы _____

Мақтаның мөлшерлік-сапалық
есебін жүргізу ережесіне

15-қосымша

мақта тазалау зауытының атауы

200__ жылғы "___"

Тиеп жөнелту бұйрығының күні мен нөмірі _____

Бұйрық бойынша салмағы, кг, _____

**Автомобиль көлігімен тиеп жөнелтілген мақта тұқымы,
линт және талшықты қалдықтар жүкқұжаттарының тізілімі**

Жіберу пункті _____ Мақта иесі _____

Р/с N	Жүкқұжат N	Автомо-билдің мемле- кеттік тіркеу-лік нөмір- лік белгісі	Орын саны	Нетто салмағы , кг	Кондиция-лық салмағы, кг	Ылғал- дылығы, %	Ласта- нуы, %
1	2	3	4	5	6	7	8

ТББ бастығы _____

Бухгалтер _____

Дайын өнімнің тауартанушысы _____